

Акимбаева К.Т., Исаева А.А.,
Тураров Д.Р.

**Ұлттық қаржылық
дағдарыстарда
жаһанданудың рөлі**

Соңғы он жылдықтарда айқын байқалған көрініс, әлемдік экономиканың интернационалдануының басты қозғаушы күші болып халықаралық қаржылар саналады, оның себебі өзінің дамуымен олар әлемдік өндіріс пен экспорттың өсімінен де жоғары. Тікелей инвестициялардың ағыны, диверсификация, халықаралық қаржылық нарықтардың кеңеюі мен интеграциясы әлемдік экономиканы интернационализацияның жаңа деңгейіне алып келді, ол – жаһандану.

Қазақстан әлемдік қаржы дағдарысының ең алғашқы құрбандарының бірі болады. Қазақстанның қор биржасында негізгі банктердің акцияларының курстарының құлауы анық байқалды. Банктер несиеу көлемін қысқартуға мәжбүр. Несие ала алмаудан халықтың тұтыну белсенділігі төмендеді. Жай ғана халық емес, бизнес өкілдері де өздерінің қызметінің белсенділігі азайды. Нәтижесінде орта және кіші банктер түгелімен жойылып, банкротқа ұшырады. Ал аман қалған банктер өте ауыр шарттармен несие беруді бастады.

Түйін сөздер: дағдарыс, ДСҰ, жаһандану, қаржы, банк, валюта, санкция.

Akimbaeva K.T., Isayeva A.A.,
Turarov D.R.

**Role of globalization in national
financial crises**

International finances development of that passes ahead the height of world production and export became the main motive body of internationalization of world economy in the last decades. Exactly meeting streams of direct investments, diversification, expansion and integration of international financial markets, showed out a world economy on the qualitatively new level of internationalization – globalization.

Kazakhstan became one of the first victims of world financial crisis. On the Kazakhstan stock exchange a sharp fall in the prices leading banks' stock was found. Banks were forced to decrease volumes of crediting. Impossibility of getting a credit became a reason of slump in consumption activity of population. But not only population. A Business-association shortened the activity also. Plenty of medium and small banks went bankrupt as a result. And withstanding banks went on toughening in terms of delivery of consumer credits.

Key words: crisis, WTO, globalization, finance, bank, currency, sanction.

Акимбаева К.Т., Исаева А.А.,
Тураров Д.Р.

**Роль глобализации
в национальных финансовых
кризисах**

В последние десятилетия главной движущей силой интернационализации мировой экономики стали международные финансы, развитие которых опережает рост мирового производства и экспорта. Именно встречные потоки прямых инвестиций, диверсификация, расширение и интеграция международных финансовых рынков вывели мировую экономику на качественно новый уровень интернационализации – глобализацию.

Казахстан стал одной из первых жертв мирового финансового кризиса. На Казахстанской фондовой бирже было зафиксировано резкое падение курса акций ведущих банков. Банки были вынуждены сократить объемы кредитования. Невозможность получить кредит стала причиной спада потребительской активности населения. Но не только населения. Бизнес-сообщество также сократило свою деятельность. В результате большое количество средних и мелких банков обанкротилось. А устоявшие банки пошли на ужесточение условий выдачи потребительских кредитов.

Ключевые слова: кризис, WTO, глобализация, финансы, банк, валюта, санкция.

ҰЛТТЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ДАҒДАРЫСТАРДА ЖАҒАНДАНУДЫҢ РӨЛІ

Жаһандану сөзі қазіргі уақытта қоғамның дамуының барлық салаларын сипаттау барысында қолданысқа ие. Жаһандану нәтижесінде ұлттық экономикалардың жақындасуы байқалады, ол сыртқы сауда мен қаржы ағымы нәтижесінде жүреді. Сонымен қатар шекарадан жұмыс күшінің, білімнің, технологияның жаппай ағымы.

Жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс жаппай жалпы әлемдік ауқымдағы және сол сияқты ұлттық деңгейдегі қаржылық қатынастардың қолданыстағы модельдерінің кемшіліктерін көрсетті. Әлсіз жақтары мемлекеттік реттеу құрылымында және қаржы институттарының өздерінің қызметінде анықталды.

Ұлттық экономиканың өзара байланысын күшейтетін фактор әрі жаһанданудың басты сипаты болып отырған жаһандық қаржы нарығының қалыптасуы, жаһандық ақпараттық кеңістік жаһандық ақпараттық желілер. Жаһандық қаржы нарығы шеңберінде ұлт үсті нарықтардың рөлі мен маңызы өсуде және офшорлық қаржы нарықтарының ұлғаюы байқалады.

Соңғы он жылдықтарда, әсіресе 1990 жылдардан бері айқын байқалған көрініс, әлемдік экономиканың интернационалдануының басты қозғаушы күші болып халықаралық қаржылар саналады, оның себебі өзінің дамуымен олар әлемдік өндіріс пен экспорттың өсімінен де жоғары. Тікелей инвестициялардың ағыны, диверсификация, халықаралық қаржылық нарықтардың кеңеюі мен интеграциясы әлемдік экономиканы интернационализацияның жаңа деңгейіне алып келді, ол – жаһандану.

1970 жылдары халықаралық ағымдық төлемдер тұрақсыз болып, көлемі тым өсіп кеткен шақта, қаржылық жаһандану өмірге келді. Бұл түсініктің пайда болуына алғышарттар: алтын стандарты және валюта бағамына тексеру күшейіп, мұнайға әлемдік бағаның өсуі, сонымен қатар мұнайға қатысты даулы мәселелердің күтпеген жерден пайда болуы, еуровалюталық ресурстардың жинақталуы, халықаралық деңгейде банктік несиелер мен құнды қағаздардың эмиссиясының кеңеюі.

Қаржылық жаһанданудың айқын бір көрсеткішін айтар болсақ, шетелде жиналған активтердің елдердің шекарасынан тыс деңгейде қозғалысқа түсуі. Жаңа жүзжылдықтың алдында шетелде жүзеге асатын капиталдың көлемі әлемдік жалпы өніммен салыстырылатын. 2001 жылы дамыған елдерде шетелдік

активтер 28 трлн долларды құрады. Дамушы және өтпелі кезеңдегі елдерде жеке несие беруші мекемелерге қарыз бен тікелей инвестицияның көлемі 2,5-3,0 трлн долларды құрады.

Қаржылық жаһандану әлемдік экономиканың басты қозғаушы күшіне айналып, белгілі бір дәрежеге жетті, оның дәлелі – 1997-1998 жылдардағы валюта-қаржылық кризис кезінде байқалған көріністер, салдарында қаржылық өзара тығыз байланыстың тым жоғары деңгейде екенін көрсетті [1].

Валюталық-қаржылық кризистің әсерінен латынамерикалық аймақтарда, Азияда, Ресейдің нарығында шетелдік қаржы ағыны біраз тежелді. 1990 жылдардағы кризис ұлттық және аймақтық ерекшеліктерге ие: ол елдегі құрылып жатқан нарықтар мен әлемдік нарықтарға бірдей әсер етті. Үлкен және кіші нарықтарға бірдей әсер ету арқылы оның қаржылық жаһандануға әкеліп соққанын көреміз, бұның кесірінен дамыған елдер көп зардап шекті.

Латынамерикалық дағдарыстар 1994-1995 жылдары қаржылық дағдарыс болатын, бірақ оның туу себебі – дағдарыстың алдындағы шешілмеген қаржылық мәселелер. Оның әсері аймақтың шекарасынан анағұрлым аспады және олар әлемдік деңгейде айтарлықтай орны болмады.

Бразилиядағы дағдарыс 1998 жылы тамыз айында басталды, оның себебі – елдегі басты қор биржасының акцияларының курсының индексі бірден 40%-ға құлады. Бразилиялық дағдарыс барлық латынамерика елдеріне зор әсер етті, валюта мен акцияны құнсыздандырып, қаржылық нарықтан резидент еместердің кетуіне себеп болды.

Азиялық дағдарыс 1997-1998 жылдары орын алды, дамып келе жатқан өлкедегі өзге дағдарыстардан өзгеше сипатта болды. Бұл дағдарыстың себебі – қаржылық инфрақұрылымның экономикадан мүлдем кешеуілдеп қалған. Бұл кризис өзінің капиталдарының трансшекаралық ағынымен, жаһандық өріс алуымен есте қалды. Бұл дағдарыс қаржы нарығын либералдаудың салдары капиталдың үлкен ағыны тіпті ең мықты құрылған экономикалық құрылымды қиратып кететінін көрсетті [2].

Валюталық-қаржылық дағдарыс барынша дамыған елдерді және олардың халықаралық қаржы жүйесін түгел қамтыды: Корея, Индонезия, Малайзия және Тайланд. Кореяда ЖІӨ-нің төмендеуі 1998 жылы минус 6,7%-ды құраса, Индонезияда минус 13,0%, Тайландта минус 10,2%.

Азиялық валюта-қаржы дағдарысы 1997-1998 жылдары Ресейдегі және Бразилиядағы

кризисті қосқанда әлемдік экономикаға айтарлықтай зиян тигізді. Азиялық және ресейлік дағдарыс капиталдың ерсілі-қарсылы қозғалысын туғызды да, кейбір жағдайларда құнды қағаздардың әлі бекімеген нарықтары мен несие-банктік жүйені құлдыратып жіберді.

Қазақстан әлемдік экономикалық кеңістікке белсенді ене отырып, барлық мөлшерде жаһанданудың ықпалын сезінеді. Экономикаға позитивті түрде тез сіңу мен кірігудің нәтижесінде ел көптеген факторлармен айналысуға тура келді. Ресурстық дағдарыстар, әлеуметтік тербелістер, агрессивтік алып сату, бүкіл әлемдік инфляция, әлемдік нарықтағы өткір бәсекелестік – қазіргі шешуі табылмаған проблемалардың негізгілері.

Қазақстан әлемдік қаржы дағдарысының ең алғашқы құрбандарының бірі десек те болады. Алғашқы белгілер 2007 жылы жаздың соңында көріне бастады, инвесторлардың ресурстарының қайтуының әсерінен Қазақстанның ұлттық валютасы – теңге тым қатты құлдырады. Бұл көрсеткішті 1-кестеден анық байқауымызға болады. Қазақстанның қор биржасында негізгі банктердің акцияларының курстарының құлауы анық байқалды [3].

1 кесте – 2008 май айынан 2009 ақпан айына дейінгі кезеңдегі әлемдік валюталардың АҚШ долларына девальвациясы, %

Валюта	Девальвация
Ресей рублі	50,46
Украин гривнасы	42,92
Польша злотыйы	38,6
Исландия кронасы	38,46
Швеция кронасы	35,29
Венгрия форинтый	33,33
Бразилия реалы	31,15
Фунт стерлинг	27,91
Чехия кронасы	27,41
Қазақстан теңгесі	25
Еуро	18,06
Үндістан рупиясы	17,39
Дания кронасы	15
Грузия лари	13,04
Швейцария франкі	10,52
Кувейт динары	9,55
Венесуэла боливар фуэртесі	2,17
Қытай юаны	1,38
Жапон иенасы	11,1

Дерек көзі: Макроэкономикалық анализ және қысқармерзімді болжам жасау орталығының мәліметі бойынша «Эксперт» есебі (2009. – №126. – С. 26).

Қазақстандық банктердің шетелге көп мөлшерде қаржылық қарыздары бар екені белгілі болғанда, жағдай тіпті ушықты. 2006 жылы қазақстандық банктердің сыртқа қарыздары 52%-ға өсіп кетті, ол 2004 жылы 38% болатын. Шетелдік қарыздардың шарты еліміз үшін тым тартымды еді: пайыздық қойылымы өте төмен болғандықтан, екінші деңгейлі банктер оны пайдаланбай тұра алмады. Аз пайыздық қойылыммен алып, қымбат пайызбен халыққа ұсынды. Сондықтан да біздің банктердің барлық қызметі шетелдік қарызға тәуелді болды. Мұндай тәуелділік ақыр соңында үлкен зиянын тигізді. АҚШ-тағы ипотекалық сектордағы дефолттың әсерінен, жаһандық қаржылық дағдарыс кезінде банктердің өтімділігі азайды да, шетелдік қарыздар қол жетпейтін дейгейде болды. Батыстық банктер қарыз беруді тоқтатты, несие берушілерде Қазақстан банктерінің төлем қабілеттігіне күмән келтіре бастады [4].

Банктер несие беру көлемін қысқартуға мәжбүр. Несие ала алмаудан халықтың тұтыну белсенділігі төмендеді. Жай ғана халық емес, бизнес өкілдері де өздерінің қызметінің белсенділігі азайды. Нәтижесінде орта және кіші банктер түгелімен жойылып, банкротқа ұшырады. Ал аман қалған банктер өте ауыр шаттармен несие беруді бастады.

ҚР қаржы рыногы елдегі басқа да рыноктар сияқты баға кесудің едәуір төмендеуін бастан кешірді, көптеген коммерциялық банктерде өтімділікпен және ағымдағы міндеттемелерді орындаумен байланысты проблемалар туындады, банкаралық рынокта барынша шиеленіскен жағдай орын алды. Салымшылардың абыржушылығы халықтың банкке салым салуының жылыстауының жағымсыз тенденцияларын қалыптастыра бастады. Қалыптасқан тенденцияның заңды салдары Қазақстанның банктік жүйесінің беріктілігін жоғалту қаупіне айналды.

Банктік сектордағы дағдарыстың асқынған белесі негізінен еңсерілді, дегенмен, экономикалық белсенділіктің төмендеуі банктерді қабылданған тәуекелдерді қайта бағалауға бағыттайды, осыған байланысты банктік тәуекелдерді басқару проблемалары ерекше маңыздылыққа ие болады.

Жаһандық экономиканың проблемаларын терең әрі жан-жақты зерттегенде, оның Қазақстан экономикасына тигізетін қаупін анықтау басты шараға айналды.

Оның үстіне 1996 жылдан бері еліміз ДСҰ-ны (Дүниежүзілік Сауда Ұйымы) бақылаушы ретінде келеді. Егер жағымды жағын көрсе, құ-

рамына кіруді мақсат тұтады. ДСҰ – әлемдік экономикалық жаһанданудың бастаушысы болып табылады. ДСҰ-ға кіруде Қазақстан үшін жағымды да, жағымсыз да жақтары бар.

Жағымсыз жақтарын қарастырсақ, Қазақстан шикізат өнімдері мен табиғи ресурстарды өңдеу секторы жағынан бәсекелестікке ие. Бұдан басқа салаларда бәсекеге қабілеттілік өте төмен, әсіресе ауыл шаруашылығы және жеңіл өнеркәсіпте.

ДСҰ-ға кіру арқылы Қазақстан мынадай үлкен мәселеге қарсы келеді: отандық өндірушілерді қорғауда сыртқы нарықтың өндірушілерінің өнімдеріне шек қоя алмайды.

Сонымен бірге Қазақстаннан кедендік салықтардың мөлшерін азайтуды талап етеді, алдағы уақытта ол тарифті көтеру құқығынан айырылады. Барлық қызмет салаларындағы кедергілер мен шектеулерді алып тастауға тура келеді, әсіресе бұл қаржылық қызметте көп жүзеге асады. Отандық қаржылық институттардың қалпы әлі тұрақты емес, ал сақтандыру бизнесі енді дамып келеді. Бұл кадам еліміздің бюджетіне айтарлықтай өзгеріс әкеледі.

ДСҰ-ға кіру кейбір салаларға толықтай не жартылай зиянын тигізеді. Мысалы, ауылшаруашылығы. Ауылшаруашылығы өнімдері аяқ астынан мүлде керексіз болып қалады, мұны біз Шығыс Еуропа елдерінің тәжірибесінен көріп отырмыз [5].

Барлық жағымды және жағымсыз факторларды қорытындылайтын болсақ, жаһандану дәуірі әлемдегі барлық адамдарға көптеген мүмкіндіктерді ашады. Сатылымның ұлғаюы, жаңа технологиялар, шетелдік инвестициялар экономиканың өсуіне және адамзаттың даму прогресіне әсер етеді. Таяқтың екі ұшы бар дегендей, зияны да бар екенін жасыра алмаймыз: терроризм, қаржылық ағынды бақылаудың қиындығы, криминалдық құрылымның пайда болуы, сонымен бірге ұлттық және әлемдік қаржылық дағдарыстың болуы. Өйткені дағдарыстар мұндай жағдайда бүкіл әлемдік нарықты, ұлттық және аймақтық нарықты түгелдей қамтып кетеді [6].

Көршіміз Ресей Федерациясына салынған өзге елдердің санкцияларының әсерінен рубльдің құны құлдырады. Нәтижесінде елдегі тауар мен қызметтің бағасы доллар-рубль қатынасында едәуір арзандады. Бұл өз кезегінде қарапайым халық пен кәсіп иелері үшін тым тиімсіз жағдай. Ресеймен негізгі сауда қарым қатынасын жасайтын ірі әріптесі Қазақстан үшін де оның жағымсыз салдары бір типті өтті. Рубль-теңге қатынасы тұрақсызданып, құбылмалы күй орнады. Ресеймен бизнес жасайтын отандық кәсіпкерлер

біраз шығынға батып, клиенттік базасы шегерілді. Жаһандық кризисті есепке алмай-ақ, бір елге түскен салмақ оның көршісіне де түсетінін осыдай байқаймыз. Ал ортақ нарық жұмыс жасап жатқан кезде алда 3-5 жылдан кейін қайта айналып келетін дағдарыс эффекті Ресейді көптеген қиындыққа қалдыруы ғажап емес, ал оның Қазақстанға әсері де соғұрлым сезінерлік болмақ. Қазақстанның сыртқы қарызы 2015 жылғы дерек бойынша 7 триллион 244 миллиард теңгеден асып жығылады. Бұл көрсеткіш былтырғы жылмен салыстырғанда 28%-ға көп. Кезеңдік түрде келетін дағдарыс кезінде қарыз иелері қаржысын талап етсе, еліміз өте қиын жағдайда қалуы мүмкін. Сондықтан дағдарыс кезіндегі жаһан-

дық қаржылық күштердің әсер етуін болжап, соған сай стратегия құру қажет.

Қазақстан Еуразияның бір бөлігі болып саналады. Еуразия үлкен геэкономикалық аймақтық ұйымға айнала алады және айналуы керек, яғни еуропалық, солтүстік америкалық, тынық-мұхиттық аймақтармен тең түсетіндей дәрежеге жетуі тиіс. Аймақтық экономикалық және саяси орталықты жасау аймақтар арасындағы бәсеке-лестікті дамытуға септігін тигізеді. Сондықтан ортақ бірыңғай экономикалық, саяси, ақпараттық, мәдени орта не қоғам құру арқылы еуразия халқы, оның ішінде қазақстандықтар қазіргі жаһанданудың барлық шарттарын қиналыссыз қабылдай алады.

Әдебиеттер

- 1 Денежно-кредитная политика и мировой финансовый кризис. Цикл статей // Вопросы экономики. – 2008. – № 11. – С. 4–61.
- 2 Сулейменов О. Евразийский Союз – к глобальной взаимозависимости //Евразия. Народы. Культуры. Религии. – 2001. – №7. – С.26-29.
- 3 Култыгин В.П. Социальные проблемы глобализации в Европейском Сообществе // Традиционные и новые ценности: политика, социум, культура: Матер. междунар. конф. – М.: Изд-во МГИМО, 2001. – С.67-68.
- 4 Махин В. Программы ведущие в ВТО // Казахстанская правда. – 2003. – 9 сентября. – С.1-3.
- 5 Мау, В. Драма 2008 года: от экономического чуда к кризису / В. Мау // Вопросы экономики. – 2009. – № 2. – С. 4–23.
- 6 Балацкий, Е. Алхимия финансового кризиса – 2008 / Е. Балацкий // Свободная мысль. – 2008. – № 12. – С. 49–64.

References

- 1 Denezhno-kreditnaya politika i mirovoi finansovyy krizis. Tsikl statei // Voprosy ekonomiki. – 2008. – №11. –С. 4-61.
- 2 Suleimenov O. Evraziyskiy Soiuz – k globalnoi vzaimozavisimosti //Evrazia. Narody. Kultury. Religii. -2001. – №7. – С.26-29.
- 3 Kultygin V.P. Sotsialnye problem globalizatsii v Evropeisom Soobshchestve // Traditsionny I novye tsennosti: politika, sotsium, kultura: Mater.mezhdunar.konf. – М.: Izd-vo MGIMO, 2001. – С. 67-68.
- 4 Makhin V. Programmy vedushchie v VTO // Kazakhstanskaya Pravda. – 2003. – 9 sentyabrya. – с. 1-3.
- 5 Mau V. drama 2008 goda: ot ekonomicheskogo chuda k krizisu / V. Mau // Voprosy ekonomiki. – 2009. – №2. – С.4-23.
- 6 Balatskiy, T. Alkhimiya finansovogo krizisa – 2008 / E.Balatskiy // Svobodnaya mysl. -2008. -№12. –С. 49-64.

